

2024 жылғы қаңтар-ақпандағы резеңке және пластмасса өнімдері

2024 жылғы қаңтар-ақпанда резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру көлемі **56,9 млрд. теңгені** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткіштен **1,8%-ға** төмен.

Талданып отырған кезеңде резеңке және пластмасса бұйымдарының өндірісінде негізгі үлесті пластмасса тақталар, табақтар, құбырлар мен профильдер – **49,4%**, тауарларға арналған пластмасса қаптамалар – **17,8%**, өзге де пластик бұйымдар – **15,9%**, құрылыс пластик бұйымдары – **11,3%**, өзге де резеңке бұйымдар – **5,6%** құрады.

Талданған кезеңдегі **нақты көлем индексі** 100,6% құрады, бұл есіктер, терезелер, есіктер мен терезе жақтаулары, есіктерге арналған табалдырықтар, жапқыштар, жалюзи және пластмассадан жасалған ұқсас бұйымдар және олардың бөліктері (+11%), конвейерлік таспалар (тасымалдаушы) және резеңке жасалған жетекті белдіктер мен құбырлар (+8,7%), түтіктер, құбыртүтіктер мен шлангілер және олардың пластмассадан жасалған фитингтері (+3,1%) өндірісінің ұлғаюымен байланысты.

Резеңке және пластмасса өнімдерінің **экспорт көлемі** 2024 жылғы қаңтарда құндық мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **51,3%-ға** төмендеп, **14,6 млн. АҚШ долларын** құрады. 2024 жылдың қаңтарында экспортталатын өнімге сұраныстың төмендегені байқалатынын айта кету керек. Резеңке және пластмасса тауарларының негізгі көлемі **Ресейге (80,5%), Қырғызстанға (7,4%) және Өзбекстанға (6,7%)** экспортталды.

Резеңке және пластмасса тауарларының **импорты** 2024 жылдың қаңтарында **230,3 млн. АҚШ долларын** құрап, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **38,9%-ға** өсті. Резеңке және пластмасса тауарлары импортының негізгі көлемі **Ресей (38%), Қытай (34%), Жапония (3%)** елдерінен келді.

2024 жылғы қаңтарда резеңке және пластмасса бұйымдары **нарығының көлемі** **272,5 млн. АҚШ долларын (122,8 млрд. теңге)** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда **44,8%-ға артық**. Өндірістің құндық мәнде ұлғаюы байқалады (2023 жылға қарағанда **6,7%**), **ОТӨ үлесі** 3,6 п.т. ұлғайып, **15,5%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі **84,5%** құрады.

2024 жылғы қаңтарда резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің ең көп көлемі **мынадай өңірлерде байқалады**: Алматы обл. (**19,1%**), Астана қ. (**16,8%**), Алматы қ. (**12,4%**), Қарағанды обл. (**8,0%**), Ақтөбе обл. (**6,5%**).